

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
№9 Ғылыми кеңес мәжілісінің

ШЕШІМДЕРІ

Шымкент қаласы

28 қаңтар, 2026 жыл

1.2024-2025 оқу жылындағы «Педагогикалық және гуманитарлық білім беру» факультеті жұмысының қорытындысы бойынша кешенді тексеру және 2025-2026 оқу жылындағы даму перспективалары туралы

Шешім:

1.Комиссия төрайымы Ш.Н.Ергешбаеваның «2024-2025 оқу жылындағы «Педагогикалық және гуманитарлық білім беру» факультеті жұмысының қорытындысы бойынша кешенді тексеру және 2025-2026 оқу жылындағы даму перспективалары» атты баяндамасы назарға алынсын.

2.Факультеттің кадрлық әлеуетін күшейту мақсатында ғылыми дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамының үлесін арттыруға бағытталған кадрлық даму жоспары әзірленсін, ғылыми жетекшілік талаптарына сәйкес келетін сыртқы мамандар тартылып, жас оқытушыларды докторантураға мақсатты түрде бағыттап, оларды қолдау тетіктері енгізілсін.

Жауаптылар: кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: маусым 2026ж.

3.Ғылыми жетекшілік сапасын арттыру үшін ғылыми жетекшілерге арналған ішкі біліктілікті арттыру семинарлары ұйымдастырылсын, бір жетекшіге бекітілетін білім алушылар саны реттелсін және ғылыми жетекшілердің жарияланымдық белсенділігіне жүйелі мониторинг жүргізу ұсынылсын.

Жауапты: факультет деканы. Орындалу мерзімі: мамыр 2026ж.

4.Білім беру бағдарламаларын дамыту аясында аз контингентті бағдарламалардың мазмұнын жаңғырту және интеграциялау қолға алынсын, оларды еңбек нарығының сұранысына сәйкес цифрлық және практикалық компоненттермен толықтырып, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын жаңарту үдерісіне жұмыс берушілердің қатысуы күшейтілсін.

Жауаптылар: кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: сәуір 2026ж.

5.Контингентті арттыру және тұрақтандыру мақсатында кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүйелеу, мектептер мен колледждермен мақсатты байланыс орнату, қашықтықтан және жеделдетілген оқыту бағдарламаларын кеңейту және факультет жетістіктерін цифрлық платформаларда белсенді көрсету жүзеге асырылсын.

Жауаптылар: факультет деканы, кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: маусым 2026ж.

6. Ішкі сапаны қамтамасыз ету және басқару шеңберінде білім беру сапасын ішкі бағалау тетіктерін жетілдіру енгізілсін, кафедралар қызметіне жыл сайынғы кешенді талдау жүргізу және нәтижеге бағытталған жоспарлау жүйесі қамтамасыз етілсін.

Жауапты: факультет деканы. Орындалу мерзімі: 2026- 2027жж.

7.Факультетте оқыту сапасын арттыру мақсатында студенттердің академиялық жетістіктері мен білім беру үдерісіне қанағаттану деңгейін жүйелі түрде ескеру тетіктері енгізілсін және олардың нәтижелері басқарушылық шешімдер қабылдау кезінде пайдаланылсын.

Жауаптылар: кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: маусым 2026ж.

8.Факультетте білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын ендіру жалғастырылсын.

Жауаптылар: факультет деканы, кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: маусым 2026ж.

9.Шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор **П.Т.Байннееваға** жүктелсін.

2.Ғылыми-зерттеу жұмыстарының 2025 күнтізбе жылы бойынша есебі мен алдағы стратегиялық міндеттері туралы

Шешім:

1.Вице-ректор Ж.Қ.Рысбекованың «Ғылыми-зерттеу жұмыстарының 2025 күнтізбе жылы бойынша есебі мен алдағы стратегиялық міндеттері туралы» баяндамасы назарға алынсын.

2.Халықаралық гранттық бағдарламаларға (Erasmus+, Horizon, Jean Monnet және т.б.) әр факультеттен 3 жобалық өтінімдерді дайындау жұмыстары күшейтілсін.

Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Ғылым және инновация департаменті, Жобаларды комерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: жыл бойы, 2026 жыл.

4.2027-2029 жылдарға арналған «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыруға арналған конкурс, 2027-2029 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсы және 2027-2029 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсына 15 кафедраның бағыттары бойынша 25 өтінім дайындалып жіберілсін және бастамашылдық жобаларды әзірлеу жұмыстары күшейтілсін.

Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Ғылым және инновация департаменті, Жобаларды комерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: қазан-желтоқсан, 2026 жыл.

5.Профессор-оқытушылардың ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті, Scopus және Web of Science базаларында халықаралық деректер қорларына енетін жоғары рейтингті 1 (бірінші, Q1), 2 (екінші, Q2) және 3 (үшінші, Q3) квартильге кіретін журналдардағы мақалалар санын арттыру мақсатында әр кафедрадан 3 мақала Q1- Q2 жіберілсін және Бақылау комитеті ұсынған журналдарда 5 мақала жариялансын.

Жауаптылар: кафедра меңгерушілері, факультет декандары. Ғылым және инновация департаменті, Жобаларды комерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: желтоқсан, 2026 жыл.

6. Университеттің беделі мен QS саласындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін бірлескен бағдарламалар, зерттеулер және ынтымақтастық арқылы халықаралық стратегиялық серіктестіктерді нығайту мақсатында әр факультет тарапынан топ 500+ кірген университеттермен 2 халықаралық серіктестік орнату келісімшарттары дайындалсын.

Жауаптылар: кафедра меңгерушілері, факультет декандары, Халықаралық ынтымақтастық орталығы, Академиялық ұтқырлық бөлімі. Орындалу мерзімі: желтоқсан, 2026 жыл.

7. Бірлескен (халықаралық, салааралық) ғылыми мақала жарияланымдарының саны арттырылсын, өндіріс пен бизнеске бағытталған қолданбалы зерттеу жұмыстарын дамытуға бағытталған жобалар мен келісімшарттар әзірленсін.

Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Ғылым және инновация департаменті, Жобаларды комерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: желтоқсан, 2026 жыл.

8. Студенттердің ғылыми мақалалар дайындауы мен ғылыми конференциялар, байқауларға, Start-Up жобаларға қатысуына назар аударылып, ғылыми үйірме жұмыстарына белсенді түрде тартылуы бойынша жұмыстар күшейтілсін.

Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Ғылым және инновация департаменті, Жобаларды комерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: желтоқсан, 2026 жыл.

9. Кафедра және факультеттердің зерттеу тақырыптарын ұлттық және халықаралық басымдықтармен (ғылымды дамыту бағдарламалары, салалық сұраныс) сәйкестендірілсін. Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Ғылым және инновация департаменті, Жобаларды комерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: маусым, 2026 жыл.

10. Ғылыми жетекшілер мен жас ғалымдар арасында менторлық жүйе енгізілсін. Менторлық жүйе тетіктерін әзірлеп, факультеттерге таратылсын.

Жауаптылар: факультет декандары, кафедра меңгерушілері, Ғылым және инновация департаменті, Жобаларды комерцияландыру және сүйемелдеу орталығы. Орындалу мерзімі: сәуір, 2026 жыл.

11. Осы қаулының орындалуын бақылау Вице-ректор **Ж.Қ.Рысбековаға** жүктелсін.

3. Қысқы емтихан сессиясының қорытындысы (бакалавриат) және білім берудің сапасын арттыру жолдары туралы

Шешім:

1. Білім алушыларды тіркеу және қолдау орталығының басшысы А.А.Жунисованың «2025–2026 оқу жылғы университет білім алушыларының (Бакалавриат) қысқы емтихан сессиясының нәтижесін талдау және оқыту сапасын арттыру жолдары» туралы баяндамасы назарға алынсын.

2. Кафедра меңгерушілеріне кафедрада оқытылатын пәндер бойынша білім алушылардың білімін бағалау үшін пайдаланылатын тест тапсырмалары мен

емтихан сұрақтарының (ауызша, жазбаша) сапасын жақсарту және емтихан тапсырмаларын оқыту нәтижелерін: білімін, біліктілігін, дағдыларын анықтауға бағыттап дайындауды ұйымдастыру және қадағалау жүктелсін. Орындалу мерзімі 2026 ж.

3. Оқытушылардың пән бойынша материалдың көлемі мен деңгейін анықтайтын тест сұрақтары пәннің оқу бағдарламасындағы барлық тақырыптар бойынша дайындалуын қамтамасыз ету Кафедра меңгерушілеріне жүктелсін. Орындалу мерзімі 2026 ж.

4. Профессор-оқытушылар құрамы университеттің ақпараттық базасындағы пән бойынша оқу әдістемелік кешеніне емтихан тапсырмаларын енгізуін қадағалау Білім алушыларды тіркеу және қолдау орталығына жүктелсін. Орындалу мерзімі 2026 ж.

5. Кафедра меңгерушілеріне оқытушылар тарапынан студенттерге емтиханда қолданылатын тест сұрақтарын жауабымен бірге берілмеуін қадағалау жүктелсін. Орындалу мерзімі 2026 ж.

6. Білім алушылардың академиялық үлгерімінің сапасын жақсарту және олардың оқу іс-шараларына (лекциялар, практикалық, семинарлық, лабораториялық және т.б.) қатысуын ынталандыру мақсатында университеттің профессор-оқытушылар құрамы университеттің ақпараттық базасына студенттердің сабаққа қатысуы туралы мәліметтерді дер кезінде енгізуін қамтамасыз ету Факультет декандары мен Кафедра меңгерушілеріне жүктелсін. Орындалу мерзімі әр оқу семестрінде.

7. Емтихан сессиясы кезінде пәннің оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін сапалы бағалауды жүргізу үшін емтихан сессиясы басталғанға дейін on-line режимінде және университеттің компьютерлік кластарында алдын-ала тестілеуді сапалы жүргізуді қамтамасыз ету «Білім беру қызметін цифрландыру» орталығына, кафедра меңгерушілеріне жүктелсін. Орындалу мерзімі 2026 ж.

8. Емтихан сессиясы басталғанға дейін студенттердің қаржылық қарыздарын жою және олардың аралық аттестаттауға 100% қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін түсіндірме жұмыстарын күшейту Факультет декандарына, Кафедра меңгерушілеріне жүктелсін. Орындалу мерзімі әр оқу семестрінде.

3.1Қысқы емтихан сессиясының қорытындысы (магистратура) және білім берудің сапасын арттыру жолдары туралы

Шешім:

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығының басшысы Ж.Д. Абдуллаеваның «Қысқы емтихан сессиясының қорытындысы және білім берудің сапасын арттыру жолдары» туралы баяндамасы назарға алынсын.

2. Пәндер бойынша магистранттардың білімін бағалау үшін пайдаланылатын ауызша және жазбаша емтихан сұрақтарының сапасы жақсартылсын, емтихан тапсырмалары оқыту нәтижелерін, яғни білімін, біліктілігін және дағдыларын анықтауға бағытталып әзірленсін.

Жауапты: Кафедра меңгерушілері. Орындау мерзімі: 2026 оқу жылының мамыр айының 30 жұлдызына дейін.

3.Магистранттардың академиялық үлгерімінің сапасын арттыру және олардың оқу іс-шараларына (лекциялар, практикалық, семинарлық сабақтар және т.б.) қатысуы қамтамасыз етілсін.

Жауапты: Кафедра меңгерушілері. Орындау мерзімі: 2026 оқу жылының мамыр айының 30 жұлдызына дейін.

4.Емтихан сессиясы басталғанға дейін магистранттардың қаржылық қарыздарын жоюды және олардың аралық аттестаттауға 100% қатысуын қамтамасыз ету мақсатында түсіндірме жұмыстары күшейтілсін.

Жауапты: Кафедра меңгерушілері. Орындау мерзімі: 2026 оқу жылының мамыр айының 30 жұлдызына дейін.

5.Мамандықтың жалпы білім беру пәндері циклы бойынша қызмет көрсететін кафедра меңгерушілеріне сессия кезеңінде барлық рәсімдердің сақталуына қатаң бақылау жасау, емтихан үдерісінің ашықтығын, әділдігін және бірізділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оқу нәтижелеріне қойылатын талаптардың орындалуы қадағалансын.

Жауапты: Кафедра меңгерушілері. Орындау мерзімі: 2026 оқу жылының мамыр айының 30 жұлдызына дейін.

6.Осы шешімнің орындалуын қадағалау Вице- ректор Рысбекова Жанар Касымбековнаға жүктелсін.

4.Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы

Шешім:

1.Ғалым хатшы Л.Абенованың 2025-2026 оқу жылының бірінші жартыжылдығында болған «Ғылыми кеңес шешімдерінің (7 Ғылыми кеңес мәжілісінде, оның ішінде 2-і кезектен тыс қабылданған) орындалуы» туралы есебі назарға алынсын;

2.Ғылыми кеңес мәжілісінде есеп берген Құрылымдық бөлім басшылары, Комиссия төрағалары тарапынан қабылданған шешімдердің өз уақытында орындалуы қадағалансын. Орындалу мерзімі: жоспарға сәйкес;

3.Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуына салғырт қараған «Педагогикалық және гуманитарлық білім беру факультетіне» (деканы Мейірбеков М.Б.) және осы факультеттің кафедра меңгерушілеріне, HR департаментіне (Маликова А.) ескерту берілсін, Ғылыми кеңес шешімдерінің толық орындалғаны туралы келесі ақпан айындағы Ғылыми кеңесте есеп берілсін. Жауапты: Ғалым хатшы, Бақылау комиссиясы. Орындалу мерзімі: ақпан, 2026 жыл.

4.Осы шешімдердің орындалуын қадағалау өзіме жүктелсін.

5.СМЖ бойынша сыртқы аудит нәтижелерін талдау, оны жақсарту жолдары туралы

Шешім:

1. СМЖ бөлімінің басшысы А.С.Тауасарованың баяндамасы назарға алынсын.
2. Сапа менеджменті жүйесі бөлім басшысына:
 - 2.1 Сапа менеджменті жүйесі бөлімі Университеттің ішкі ережесі ҚП-05-24 құжатталған процедурасын қайта әзірлесін. 30 қаңтарға дейін жаңарту жұмыстары жүргізілсін.
 - 2.2 Адалдық деңгейін бағалау анкетасы (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл) сауалнамасы 2026 жылдың 28-30 қаңтар аралығында өткізілсін.
 - 2.3 Білім беру бағдарламаларының (пәндер/модульдер) сапасын және академиялық адалдық қағидаларын сақтау деңгейін бағалау сауалнамасы 2026 жылдың 28-30 қаңтар аралығында өткізілсін.
 - 2.4 Университеттің тұрмыстық инфрақұрылымына студенттер мен персоналдың қанағаттану деңгейінің орташа көрсеткіші сауалнамасы 2026 жылдың 23-26 ақпан аралығында өткізілсін.
 - 2.5 Сапа менеджменті жүйесі бөлімі тарапынан ҚП -07-26 Құжатталған ақпаратты басқару ережесі, УС-71-26 Тұрақты сатып алулар саясаты әзірленіп, УС-74-26 Тұрақты инвестициялар саясаты, УС-75-26 Қауіпсіздік саясаты әзірленіп, бекітілсін.
 - 2.6 Сапа менеджменті бөлімі ішкі құжаттар тізімі қайта бекітілсін.
3. Университеттің құрылымдық бөлім басшыларына, декандар мен кафедра меңгерушілеріне:
 - 3.1 Жаңартылған құжатталған процедура бойынша барлық құрылымдық бөлімдер жыл соңында риск (тәуекелдер) бойынша СМЖ бөліміне есеп тапсырсын. Орындалу мерзімі: мамыр, 2026 жыл.

6.Әртүрлі мәселелер:

6.1Интегралды GPA енгізу: білім алушылардың академиялық, ғылыми-зерттеу және әлеуметтік құзыреттіліктерін бағалаудың жалпы механизмі туралы

Шешім:

- 1.Басқарма Мүшесі – Вице Ректор Ж.Қ. Рысбекованың «Интегралды GPA енгізу бойынша ереже (УЕ-74-25)» туралы баяндамасы назарға алынсын.
- 2.«Интегралды GPA енгізу бойынша ереже» (УЕ-74-25) бекітілсін және Университеттің ішкі нормативтік құжаты ретінде қолданысқа енгізілсін. Жауапты: Формальді емес білім беру департаменті директоры М.Е. Исмаилова. Орындалу мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.
- 3.Интегралды GPA есептеу Ережеге сәйкес жүзеге асырылсын және есептеу формуласы Университеттің ақпараттық жүйесіне енгізілсін:

$$IGPA = 0,5 \times GPA + 0,35 \times iROS + 0,15 \times SSCI$$

Жауапты: Білім алушыларды тіркеу және қолдау орталығының басшысы Жунисова А.А; Формальді емес білім беру департаменті. Орындалу мерзімі: 01.04.2026 ж. дейін.

4. iROS көрсеткіштері бойынша балдарды жинау, тіркеу, растау және есепке алу жұмыстары Ғылым және инновация департаменті тарапынан ұйымдастырылсын (Ереженің 1-қосымшасына сәйкес).

Жауапты: Ғылым және инновация департаментінің директоры А.К.Оралбекова. Орындалу мерзімі: тұрақты.

5. SSCI көрсеткіштері бойынша балдарды жинау, тіркеу, растау және есепке алу жұмыстары Жастар саясаты орталығы тарапынан БАӨӨБҰ өкілдерімен бірлесіп ұйымдастырылсын (Ереженің 2-қосымшасына сәйкес).

Жауапты: Жастар саясаты орталығының басшысы Н.Е. Жақабай. Орындалу мерзімі: тұрақты.

6. Білім алушылардың iROS және SSCI бойынша мәліметтерін енгізу және растайтын құжаттарды жүктеу тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстары (нұсқаулық/семинар/ақпараттық хабарландыру) ұйымдастырылсын.

Жауапты: Формальді емес білім беру департаменті директоры М.Е.Исмайлова, Факультет декандары; Білім алушыларды тіркеу және қолдау орталығының басшысы Жунисова А.А. Орындалу мерзімі: 01.03.2026 ж. дейін.

7.УЕ-74-25 Ережесінің бекітілген электрондық нұсқасы Университеттің ресми сайтында орналастырылсын және құрылымдық бөлімшелерге тарату қамтамасыз етілсін.

Жауапты: Аппарат басшысы К.С.Сугирбекова; Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы А.С.Тауасарова. Орындалу мерзімі: 01.02.2026 ж. дейін.

8. Білім алушыларды iROS және SSCI көрсеткіштері бойынша ынталандыру шаралары (Ереженің 6-бөліміне сәйкес) бойынша жылдық іс-шаралар жоспары әзірленсін және бекітуге енгізілсін.

Жауапты: Жастар саясаты орталығы; Ғылым және инновация департаменті. Орындалу мерзімі: 01.05.2026 ж. дейін.

9. Осы Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма Мүшесі Вице Ректор Ж.К. Рысбековаға жүктелсін.

6.2.Университеттегі оқу және ғылыми деректерге жасанды интеллект технологияларын енгізу мүмкіндіктері мен даму жолдарын қарастыру туралы

Шешім:

1. Жасанды интеллект орталығы директоры Д.Ш. Душабаевтың баяндамасы назарға алынсын.

2. Жасанды интеллект орталығының директоры Д.Ш. Душабаев:

Жасанды интеллект орталығының жаңа тұжырымдамасына сәйкес, орталықты қажетті жабдықтарды (робот-гуманоид, дрондар, дрон футбол аренасы, голограмма) сатып алу бойынша Қаржы басқармасына ұсыныс енгізсін. Орындалу мерзімі: Ақпан, 2026 жыл.

2.1.Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ж.А.Нұрмағамбетовамен бірлесіп, профессор-оқытушылар құрамын ынталандыру үшін жасанды интеллект элементтерін енгізе отырып, КРІ жүйесінің цифрлық платформасын әзірлесін. Орындалу мерзімі: наурыз, 2026 жыл.

2.3.Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ж.А.Нұрмағамбетовамен бірлесіп, профессор-оқытушылар құрамына арналған жасанды интеллект технологиялары негізінде дәрістік және практикалық, лабораториялық оқу материалдарын дайындау, сақтау және өзектендіруге арналған платформаны әзірлесін. Орындалу мерзімі: маусым, 2026 жыл.

2.4.Профессор-оқытушылар құрамының оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми, тәрбие бағыттары және қоғамдық қызметі бойынша жұмыс нәтижелерін жинақтайтын портфолиосын құруға арналған және аталған бағыттар бойынша есептерді автоматты түрде қалыптастыру мүмкіндігі бар цифрлық платформаны әзірлесін. Орындалу мерзімі: маусым, 2026 жыл.

2.5.Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ж.А.Нұрмағамбетовамен және Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру орталығының басшысы Ж.Д. Абдуллаевамен бірлесіп, білім алушылардың жасанды интеллект бойынша құзыреттілігін жоғарылату мақсатында бакалавриат және магистратураның барлық білім беру бағдарламаларына жаңа пәнді енгізу бойынша ұсыныс енгізсін. Орындалу мерзімі: наурыз, 2026 жыл

2.6.Университеттің оқу процесі мен ғылыми қызметіне, сондай-ақ басқару қызметіне жасанды интеллект технологияларын енгізу бойынша Жол картасын бекітсін. Орындалу мерзімі: наурыз, 2026 жыл.

3.Факультет декандары, кафедра меңгерушілері, құрылымдық бөлім басшылары Университеттің оқу процесі мен ғылыми қызметіне, сондай-ақ басқару қызметіне жасанды интеллект технологияларын енгізу бойынша Жол картасын орындауды қамтамасыз етсін. Орындалу мерзімі: маусым, 2026 жыл.

4.Аппарат басшысы Сугирбекова К.С. жасанды интеллект орталығының директоры Д.Ш. Душабаевпен бірлесіп орталықты жабдықтармен (робот-гуманоид, дрондар, дрон футбол арена, голограмма) қамтамасыз етсін. Орындалу мерзімі: сәуір, 2026 жыл.

5.Біліктілікті арттыру және қосымша білім беру институты директоры Ергешбаева Ш.Н. жасанды интеллект орталығының директоры Д.Ш.Душабаевпен бірлесіп орталықта жүзеге асырылатын курстардың (семинар, біліктілікті арттыру, қайта даярлау және т.б) бағдарламасын әзірлесін және ұйымдастырсын. Орындалу мерзімі: сәуір, 2026 жыл.

6.3 Университеттің СМЖ талаптарына сәйкес «Тәуекелдерді басқару» ережесін бекіту туралы

Шешім:

1. Университеттің СМЖ талаптарына сәйкес «Тәуекелдерді басқару» ережесі бекітілсін.

6.4 Университет құрылымына өзгерістер енгізу туралы

Шешім:

1. Университет құрылымына өзгерістер енгізіліп, 2 институт, 4 факультет құрылсын:

- «Педагогикалық және жаратылыстану ғылымдары» факультеті;
- «Өнер және гуманитарлық ғылымдар» факультеті;
- «Жасанды интеллект және инновация» институты;
- «Дене шынықтыру және спорт» факультеті;
- «Экономика және құқық» факультеті;
- «Әлем тілдері» институты.

2. Ғылыми кеңес шешімі Директорлар кеңесіне бекітілуге ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор П.Т.Байнееваға жүктелсін.

Ғалым хатшы



Л.Абенова